

Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 43 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 17 қарашадағы № 129 қаулысы

Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Науырзым ауданы әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2021 жылғы 5 ақпандағы № 43 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9749 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Науырзым ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

М. Ихтиялов

"КЕЛІСІЛДІ"

Науырзым аудандық
мәслихатының төрағасы

2025 жылғы "___" _____

Қостанай облысы
Науырзым ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 5 ақпандағы
№ 43 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 3) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) хормейстер;
- 3) концертмейстр;
- 4) кітапханашы;
- 5) библиограф;
- 6) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 7) қазақ, ағылшын тілдер мұғалімі;
- 8) музыкалық жетекші.

3. Спорт саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) әдіскер.